



Экстремистік діни ағымдар қоғамдық қауіпсіздікке, адамның психикалық денсаулығына, неке және отбасы институтына қауіп төндіреді.

Олардың жақтастары:

- Қазақстан аумағында тұратын барлық этностардың ұлттық құндылықтарын, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жоққа шығарады (соның ішінде: «Наурыз» мейрамын тойлауды, «Беташар», «Келіннің сәлем салуы», «қайтыс болған туысқандарға Құран бағыштау» секілді және т.б. ұлттық салт-дәстүрлер мен ғұрыптарды орындауды);
- зайырлы мемлекеттерге және зайырлы өмір сүру қағидаттарына агрессивті көзқараста болады;
- мемлекеттік мейрамдар мен рәміздерді құрметтемейді;
- исламдағы мазхабтарды (Орталық Азия және мұсылман әлемінің басқа да өңірлерінде тамыры жайылған діни мектептер), оның ішінде Қазақстан мұсылмандарының басым көпшілігі ұстанатын Ханафи мазхабын мойындамайды;

- Қазақстандағы дәстүрлі ислам дінін ұстанушыларды адасқандар деп есептейді, ал басқа дін өкілдері мен дін ұстанбайтын азаматтарға төзбеушілік танытады;
- қазіргі заманғы мәдениет пен өнер түрлеріне агрессивті көзқарасты ұстанады (музыка, ұлттық және басқада хореографиялық би өнері, бейнелеу өнері және т.б.);



- заңмен белгіленген азаматтық міндеттерді (әскери борышын өтеу, міндетті орта білім алу секілді және т.б.) орындаудан бас тартады;
- медициналық процедуралардың кейбір түрлерінен (қан құю, екпе алу секілді және т.б.) бас тартады;
- білім беру ұйымдарында жүргізілетін кейбір оқу пәндеріне (биология, дене шынықтыру, ән айту, сурет салу секілді және т.б.) қатыспауға шақырады;
- дінге өзінің өткен өміріндегі түсініктерді әкеліп, кейбір әрекеттерін ақтап алу үшін діни мәтіндерді өз қалауынша түсіндіреді;
- өзінің сенімдеріне қайшы келетін әңгімелер мен талас-тартыс туындаған жағдайда төзімсіздік пен ұстамсыздық танытып, балағат сөздер айтумен қатар физикалық қысымда көрсетуі мүмкін.



ЭКСТРЕМИСТІК ДІНИ АҒЫМДАР ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

ЭКСТРЕМИСТИК ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ӘСЕР ЕТУ БЕЛГІЛЕРІ

- Қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығарады;
- Қоғамға жат «діни идеяны» міндеттеп, тек өз дінінің және діни дүниетанымның ақиқаттылығы туралы насихат жүргізеді;
- Мемлекеттің зайырлы қағидатына қарсы шығып, диктатура орнату туралы ойын ашық айтады;
- Елдегі белгілі бір ұлттың немесе діни конфессияның тоталитарлық режимін орнатуды қолдайды;
- Конституциялық құрылымды жоққа шығара отырып, сол жүйені күштеп құлатуға шақырады;
- Заңсыз қарулы топтарды құрады;



- Ел ішінде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік және діни алауыздықты қоздырады, сонымен қатар, осы ерекшеліктері бойынша азаматтардың құқығын шектеуді мақсат етеді;
- Дін атын жамылып, азаматтардың дінге деген құрметі мен сенімін өзінің теріс мақсаттарына пайдаланады;
- Өзінің пікірінше «ислами» саналатын елдерге тұрақты түрде көшу туралы ойларын білдіріп, ол әрекетіне дәлелдер келтіру арқылы міндеттейді;
- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қатысты негізсіз теріс пікірлер айтып, дінге жаңадан келген адамдар алдында оның беделін түсіруге тырысады;
- Психологиялық және материалдық тұрғыдан мүмкіндіктерінің жоқтығына қарамастан, екінші және одан да көп әйелдермен қосымша некеге тұруға тырысады.



TikTok



Instagram



ЭКСТРЕМИСТСКИЕ РЕЛИГИОЗНЫЕ ТЕЧЕНИЯ ПРЕДСТАВЛЯЮТ УГРОЗУ ОБЩЕСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ, ПСИХИЧЕСКОМУ ЗДОРОВЬЮ ЧЕЛОВЕКА, ИНСТИТУТУ БРАКА И СЕМЬИ.

- отказываются исполнять обязанности, установленные законодательством (служба в Армии, получение обязательного среднего образования и др.);

Их приверженцы:

- отрицают национальные ценности, традиции и обычаи всех этносов, проживающих на территории Казахстана (в том числе празднование «Наурыза», национальные обряды «Бет ашар», «Сәлем салу», чтение Корана по усопшим и др.);
- агрессивно настроены к светским государствам, светскому образу жизни;
- проявляют неуважение к государственным праздникам, государственным символам;
- Не признают мазхабы (религиозные школы, укоренившиеся в Центральной Азии и других регионах мусульманского мира), в том числе ханафитский мазхаб, которого придерживается большинство мусульман Казахстана;



- считают последователей традиционного для Казахстана ислама отступниками от веры, проявляют нетерпимость к представителям других религий и людям, не исповедующим никакой религии;
- агрессивно настроены к современным видам культуры и искусства (музыка, национальные и другие виды хореографических танцев, изобразительное искусство и др.);

- отказываются от отдельных видов медицинских процедур (переливание крови, вакцинация и др.);
- призывают не посещать отдельные учебные предметы, ведущиеся в организациях образования (биология, физическая культура, пение, рисование и др.);
- привносят в религию понятия из прошлого жизненного опыта и поиск оправдания для данных действий через своевольную трактовку религиозных текстов;
- отсутствие терпимости и сдержанности в диспутах и беседах во время случаев противоречий их убеждениям. Могут переходить на нецензурную лексику и физическое давление.




ЧТО МЫ ЗНАЕМ ОБ ЭКСТРЕМИСТСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ ТЕЧЕНИЯХ?

ПРИЗНАКИ ВЛИЯНИЯ ЭКСТРЕМИСТСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ ТЕЧЕНИЙ!



- Отрицают ценности традиционной религии в обществе;
- Навязывают чужую для общества «религиозную идею», ведут пропаганду об исключительности своей религии и своего религиозного мировоззрения;
- Выступают против светскости государства, открыто говорят об идее установления диктатуры;
- Выступают за установление тоталитарного режима одной нации или религиозной конфессии;
- Отрицают конституционный строй, и призывают насильственным способом свергнуть конституционный строй;
- Незаконно создают вооруженные группы;

- Разжигают социальную, расовую, национальную, языковую и религиозную рознь, и призывают ограничивать права граждан по расовой, национальной, языковой принадлежности;
- Используют в своих корыстных целях религиозную веру граждан, прикрываясь религией;
- Высказывают идеи о переселении на постоянное место жительства в якобы исламские страны и приведение доводов об обязательности данного действия;
- Негативно высказываются в адрес Духовного управления мусульман Казахстана и пытаются дискредитировать данную организацию перед людьми, которые только недавно стали придерживаться ислама;
- Стремятся к созданию дополнительных браков со второй и более женами при этом обладая ни материальными, ни психологическими ресурсами.



TikTok



Instagram

